



Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



Қуанышбай ҚҰРМАНҒАЛИ,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі

ӨЛЕҢГЕ КӨШКЕН ӨМІР

(Ж.Ерман шығармашылығы туралы толғам)

Ұлтымыздың рухани қазынасына көркемдік сыр-сипаты келісті өлеңдерімен олжа салып жүрген саңлақ ақындарымыздың бір бірегейі – Жүрсін Ерман. Оның ақберен ақындығы қалың оқырманға баяғыдан белгілі. Оның үстіне Жүрсін есімінің елге кеңінен танылуы – оның қазақтың көнеден келе жатқан хас өнері айтыстың ортамызға қайта оралуына қатысты. Ондаған жылдар бойы аттан түспей аттандап жүріп төл өнеріміздің өрлеп, өрістеп, өркен жаюына жанын салды. Осыған орай ақын алғыс та алды, сыналды да. Ал оның дұрысынан бұрысы көп-тін... Жүрсін оған өлеңімен жауап берген:

...Түлетем деп дәстүрім мен салтымды

Мысыңды – мыс,

Алтын дейім алтынды.

Көрінгеннің күңкіліне түкірдім

Қуантуға жарап жүрсем халқымды.

Иә, айтысты алданыш етіп, қазақтың арманын үстем еткен, талайдың бармағын тістеткен, ұлтымыздың санасына шырақ жаққан, тоз-тоз болған намысын ту етіп желбіреткен Жүрсін өз өлеңін жетімсіретіп алса да, алған бетінен қайтқан жоқ.

Айтпақшы, Жүрсін ақынды айтысқа қатысты ғана емес, мүшәйраларда жүлде алған жырлары үшін де қырына алған «білгіштер» бар. Біздің тектіні көрсе тек жүрмей түрткілеп, шымбайына батыра ши жүгіртіп, жақсысына көз жұмып, сәл кемістігін сезіп қалса әйелі ұл тапқандай қуанып, қоңыраулатуға үйір мерез мінезден арыла алмай, ондай кесірлі қылыққа көнтөрілік көрсетіп, көніп жүргеніміз өкінішті-ақ. Сол бір сүйексінді қазақы «қасиетімізден» арылмай ел болуымыз екіталай екені жадымызда жүрсе ғой, шіркін...

Осы жерде Жүрсіннің өз шығармашылығына жауапкершілікпен қарайтынына бір мысал келтіре кетейін. Ақынның 2008 жылы жарыққа шыққан «Құстардың көлеңкесі» жинағына небәрі 70-ақ өлеңі

енген. Бұған дейінгі 5–6 кітабынан бар болғаны 70 қана өлеңін таңдамалысына қосқаны ақынның саннан гөрі сапаны айрықша бағалағаны. Ендеше, бостекі болжам айтып, бекер тіл тигізіп, нағыз ақынның намысына от қою орынсыз. Жүрсіннің жүрек сөзіне жүгінсек: «Әлдебір құдірет оның жазғанын жырттырып, кітабын кідірте береді» екен. Ал бұл шынына келгенде ақынның өз шығармашылығына өзгеше қатал, өзгеше жауапкершілікпен қарап, өлеңдерінің қарасын көбейткеніне алданып, жасық жырларын жариялап, талғампаз оқырманның көңілін қалдыруды қаламаған ізгі ниетінің нақты мысалы. Ақын құйындай ұйтқыған сезімін ұйқастырып, оны құны қара бақырдай сөлсіз сөздермен өлеңге көшіруді кешірілмес кінә санайтын санаткер.

Енді ел таныған Ерман Жүрсіннің қазақ өлеңіндегі өзі еншілеген тақырыбы қандай, өзіндік қолтаңбасы, ұлт поэзиясына қосқан үлесі бар ма?! Ақын шығармашылығына барлау жасау барысында осы сұрақтарға жауап қайтаруға тырысамыз. Бұл сауалды қысқа қайырсақ: Жүрсін ақынның өлеңдерінің өңін ашып тұрған ең алдымен оның суреткерлігі, сыршылдығы, шыншылдығы, ойшылдығы, сезімталдығы. Алайда, осы сипаттамамыздың ақиқаттығына көз жеткізу үшін ақын шығармашылығын тарата талдау қажет.

Ақын бірде қазіргі өтпелі кезеңге өкпесін айтып, ышқына ызаланып, үміті күл, жігері құм болған замандастарының қауқарсыз халін жүрегінен өткізе жырласа, бірде қайраттанып, есін жиып, ел қатарлы тіршілік жасауға талаптанып-талпынбай өмірдің өзгермесін – жақсарып-жасанбасын оқырмандар ойына салуға асық. Қысқасы, күңіреніп, күйзеліп, шарасыздық шырғауына түспей, әрекет жасау ғана кісіні дегеніне – дйттеген мақсатына жеткізетінін ақын айрықша сезіммен, ағынан жарыла ақтарыла жырларына арқау еткен. Ақынның сөзін саралай келіп түйген түйіні, ұлтына ескертпесі мынау:

...Шөліркедік шындыққа,

Өтірікке тойындық...

...Тұйыққа кеп тірелдік,

Керек енді бір ерлік...

Бойкүйездікке бауыр басып, ынжықтықтың ығына жығылып, көксегенін көктен тосып, зая кетіп жатқан күндеріне опынбаған, яғни өмірден өзін таппаған – жолы болмаған адамға жырымен қозғау салады. Жүрсін ақынның өлеңіндегі адасқан кейпкерлерінің дүр сілкініп, дұрыс шешім қабылдауы осы пікірімізді растайды.

...Көп нәрсеге ашты өмір көзімді,

Енді бекер тауыспаймын төзімді.

Жолдарымды бұрып мына шиырдан

Мен іздеуге шығам енді Өзімді!..

Қазіргідей қоғам өзгеріп, заман жаңарып жатқан килы да қиын кезеңде көздеген межелі мақсатына жету үшін әр адам жайбасарлықтан арылып, жанталаса әрекет жасауға ұмтылса ғана ұтады, аштан өліп, көштен қалмайды. Ал егерде ерте бастан сілкінбесең, шарқ ұрып шамырқанбасаң ойға алған шаруанды шырқ үйіріп әкетуің екіталай. Уақытты уысыңнан шығарып алсаң ұтыласың. Осы шындықты шығармаларына арқау етіп, ел-жұртымен ой бөліскен ақ жүрек, пәк тілекті ақынға іштей алғысыңды айтасың. Бүгінгі күннің келбеті, катыгез мезгіл мінезі ақын өлеңдерінде өзгеше өрнек, соны сипатпен суреттелгеніне сүйсінесің де көңіліңе тоқисың. Ақпа-төкпе жырларымен жігерлендірген Жүрсін ақынның адамдарға деген жанашырлығына, алдамгершілігіне, риясыз көңіліне риза боласың.

...Өткенінді өлшеп көрсең жобалап,

Өзіңе де,

Сөзіңе де обал-ақ.

Өзің өрге сүйремесең кеуденді,

Алтын басың жерде қалар домалап...

Өзге емес, өзіңе сен деген ақын қағидатына қалайша құлақ аспассың. Намысыңды қайрап, канаттандыратын асыл сөздің мағынасын ұғып, мақсатына бой алдыру қажет-ақ қой!

Қас пен көздің арасында сынаптай сырғып өте шығатын қысқа ғұмырдың – өтпелі өмірдің өткелінде тұрған адамның уақытпен санаспай бекер өткізген жылдарын уайымдап, ел есінде, ұрпағының алдында қалатын ізгілікті іс – із қалдырмағанына қапаланатын, түн ішінде шырт ұйқысынан шошып оянатын кездері болатыны хақ. Ал бұл әрбір арлы азаматтың болмыс-бітімімен бірге жаратылуға тиіс қасиет болса игі. Ақын бізге сол ақиқатты айтып, ұйқылы-ояу, мимырт тіршіліктен ойың мен бойыңды тазартып, айтыс-тартыс, арпалысып алға ұмтыл, сөйтіп мақсатыңа жету үшін жанқиярлықпен күресу керек деген өмір қағидасын еске салып, құлшындырып отыр. Ендеше сіз бен біз: «Аспан

асты – жер тарлық қып, Аласұрған бір адаммен бұл күнде!» деп суреттелген өлең кейіпкерінің жолын қуғанымыз жөн.

Ел-жұртының мұңын мұңдап, сөзін сөйлеп өлең жазғанақынның айызыңды қандыраша ақиқатына сен де сүйсінесің. Өйткені оның айтқандары: заман өзгерсе де өзі өзгермеген қазақтың күйкі тіршілігінен түңілу, жайбасарлығына жаны күйіп жасып-жабырқау, түптеп келгенде мінін бетіне басу арқылы ұлтының ұпайын түгендеуге атсалысу.

Бүгінгі билік басындағы әкім-қаралардың бірқатары мансапқа қолы жетсе мастанып, кісімсіп, өркөкіректеніп кететіні бар. Олардың өзгені құрмет-ізеті адами қарым-қатынастың, ұлттық салт-сананың қалыпты қағидасы емес, маған деген мінедеттері деп түсінетін топастығын қайтерсің. Ақынның сондай сормандайларды мінездеуі айызыңды қандырады.

...Борышын деп, бәтшағар, біледі екен,

Үлкен ғой деп жасаған ізетінді.

...Құлдық ұрып тұрғаның дейді екен-ау,

Қонақ қой деп қолға су құйғаныңды.

...Бір шұлғысаң басыңды... сол ақымақ

Ойлайды екен өзін бір кеменгер деп...

Ұлықтың кісәпір қылығына қарны ашып, түйсіксіздігінен түңілген өлең кейіпкерінің кесімді сөзі төмендегідей:

...Атасының басы,

Енді құнықпасын

Ұлығың да Құдайын ұмытпасын!..

Айтқандай, ақынның еренсізге ескертпесі, ұлыққа айтқан ұлағаты бір бұл ғана емес.

Еліңнің қамын ойлай жүр,

Қырандай көкке ұштың ба.

Көлеңкесі жерде болады,

Аспанда жүрген құстың да!

Дәрежелі қызметтегі адам түгіл, құс екең құс та өсіп-өнген жеріне көлеңкесін түсіріп, өз қалқадірінше желеп-жебеп жүреді деп сөзін түйіндейді. Саналы адамға ой салатын тәлімді тәмсіл.

Кереметпін, болдым-толдым деп кеуде кермей, бойындағы мінін жасырмай, мойындап, өз кемшілігін өзі айтып, одан арылудың амалын іздеген, өзін-өзі өлтіре сынаған өлең кейіпкерлерінің негізі жақсы адам екенін, ертең-ақ ел қамын жеген Едігелер қатарына қосылатын азамат болатынына күмәнданбайсың.

...Кезім аз ба – мен айтам деген кезде,

Қара қылды қак жарып айта алмаған...

...Кездерімді қайтейін бұғып қалған,

Қылышымды қайтейін тасқа шапқан...

...Талағым тарс айрылар жерлерінде,

Үндемеген не қылам ездігімді...

Төңіректегі тіршілікке қызу араласып, жанталаса жүгіріп, іздегенін табуға, көксегеніне жету-

ге ұмтылған адамдардың ортасында ұйқылы-ояу жүруден жерініп, мазасыз мезгілдің көлеңкесінде қалуды қаламайтын өлең кейіпкерінің образы да көңілге қонымды. Арманы асқақ адамның бейнесі өлеңде сәтімен сомдалған. Ойлана оқып көріңіз:

...Отымен найзағайдың түс шайысып,
Жүрейін көк жүзінде құстай ұшып.
Жыбырлап жерде жүру жабықтырды,
Токмейіл тірлігімнен пысты-ау ішім!

...Самолет, төмендеме, төмендеме,
Сен мені төменіңе көгендеме.
Құмартқан биіктерге көңіл барда,
Төменге құлдырауға көнем неге?!
Көңілім, төмендеме, төмендеме...

Әсілі, хас ақын өлеңді қиялдан құрастырмасы анық. Өлең – ақынның өзегін жарып шыққан шындықтың мәуелі жемісі. Осы жерде Жүрсіннің ел өмірінде өшпестей із қалдырған екі оқиғаға орайластыра жазылған екі өлеңіне тоқтала кетсек, жоғарыда айтқан пікіріміздің айна-катесіз ақиқаттығына еш шүбәланбайсыз.

Біріншісі, «Түс» деген өлең кешегі өрім жастардың жанқиярлық ерлігіне – желтоқсан көтерілісіне арналған жыр-ескертікші. Кеңестік кезеңде елдіктің намыс туын көтеріп, азаттық сұрап алаңға шыққан жас ұрпақтың сол көзсіз ерлігі зая кеткен жоқ. Ұзамай ұлтымыз тәуелсіздік туын тікті, ғасырлар бойы аңсаған егемендікке қол жетті. Алайда, сол күндердің елесі бүгінде есімізде. Соған арналған өлеңде шыбын жаныңды шырқыратар шындық – жазықсыз қан төгілген, себепсіз сергелдеңге түсірген қаралы күндер, жаралы жылдар баяны келістіре кестеленген. Өзі өңінде көрген сол сұмдық оқиға ақынның түсіне де жиі-жиі кіре беріпті. Бұл желтоқсан көтерілісінің халықтың жадына жазылған, ғұмыры ұмытылмайтын тарихи оқиға екендігінің поэзиядағы көрнекті сурет-панорамасы.

...Бұл неткен түс,
Қуалап жүр кімді-кім!
Неге менің жұлынғандай мың гүлім.
Шашын жайған ару болып шырылдап,
Шалғайларға оралып жүр Шындығым!
...Құлағыма талып жетсе сұмдық үн,
Көңілімнің жаптым неге түндігін?!
Қара шашы қызыл қанға боялып,
Сол алаңда қалды менің Шындығым!

Жазықсыз жапа шеккен, ұлтының ар-ұятын қарусыз қорғауға шығып, қара бастарын халқының бостандығы үшін бәйгеге тіккен қазақтың сол қаһарман ұл-қыздарының ерлігін ешқашан ұмытпау парызымыз. Ақын ел-жұртының жүрегінде мәңгілік сақталар мұны мен сырын осылайша жырлаған.

Ал «Мұң» балладасына Ауған соғысына қатысып,

ені аяғынан айрылып, екі қолының саусақтарын түгел оқ қиып кеткен мүгедек бозбаланың әңгімесі арқау болыпты. Ақынның соғыс құрбандығының аузына салған екі ауыз сөзі бүкіл адамзатқа арналған аманат, соғысқа айтылған лағынет сынды:

...Өмір сүріп жүрген жоқпын ағатай,
Өмір сүріп жүрген менің елесім...

Қыршын жастың мұң-зары жұртшылықтың жүрегіне жетсе, енді қайтып еліміз де, жаужүрек жастарымыз да соғыс деген қанды қырғынды көрмесе, ел іші тыныш, тату-тәтті тіршілік кешсе деген ізгі тілекке толы баллада өрлік пен ерлікті көкке көтерген парасатты поэзияның үлгісі.

Жүрсін ақынның жырларынан жасынан ерте есейген, көпті көріп, көңіліне түйген, өмірдің қыры мен сырын жүрегінен өткізген, сабырлы, салмақты, салиқалы абыздықтың жылы лебі еседі. Оның адам ғұмыры, балалық шағы, алтын бесік ауылы, ғашықтық кешулері, бүгінгі заман, уақыт тынысы, замандастар арасындағы қарым-қатынас, достық пен дұшпандық, адалдық пен аярлық сынды сан тарау толғаныстарын жедел, жүгіртіп оқи алмайсың. Ақын өлеңдері адамның арман-максаты, өмірдегі орны туралы пәлсапалық парасатты пайымдаулар Жүрсін өз өлеңдерінде тіршіліктің терең құпияларына ой жүгіртіп, пікірлесіп, оқырмандарымен сыр-сұхбат құруымен де қазақ поэзиясындағы дара қолтаңбасын айқындап тұр. Оның шыңырау ойға шым батыратын жақұт жырларының қасиет-құдіретіне таң қаласың. Уыз сезім жаныңды жадыратып, жүрегіңді елжіретіп-егілтіп есіңді алатынын қайтерсің. Ақын өлеңдерін оқыған сәтте ой тұманы сейіліп, бір сергіп, серпіліп қаласың. Осынау ақынның сезімді суытпайтын, арманыңнан адастырмайтын, үмітінді үздірмейтін жүрекжарды жырлары кім-кімнің де көңілін көкке өрлетіп, баурап алары ақиқат. Ал оның себеп-сыры ақынның өз өлеңдерінде жалпы жұрттың жүректегі сөзін тауып жазатындығында.

Мысалы, әр қазақ баласының жүрегін туған ел, өскен жерімен жалғастырып жатқан атамекеннен ардақты, атақоныстан қымбатты ешнәрсе жоқтығы ақын жырларында ақ сезіммен ақтарыла кестеленуі соншама сүйсіндіреді. Ескі ауыл – кіндікжұртын – елде жүріп ержеткен, алғашқы достығына, алғашқы махаббатына қуә болған, арман қуған қара баласын сәт сапар тілеп, үлкен қалаға аттандырып салған сол аяулы атамекенін ойдан өшіру, көңілден көшіру мүмкін емес қой. Сол сезімге арбалған сен де ақынның осы тақырыпты толғаған өлеңдерін оқи беруге ықыласты, ынталысың.

...Ескі ауыл – сынған, көшкен, жаңарған,
Кетпеуші ең ойдан, естен, жанардан.
Елес боп қалдың ертегі дәурен,
Көңілден бірақ өшкен жоқ арман.

Айтқандай, бүгінде ауылдардың көпшілігі қоныс аударып, орындарында ескі жұрттары ғана жатқаны да бекер емес. Қайтып бұған көңілің қапаланбас? Қапияда ұясы бұзылған торғайдың күйін кешкен ақынның шыбын жаны неге шырылдамасын. Шындығында бұл бір ақынның емес, барша қазақ баласының басындағы мұң-сыр. Кешелері қазақтың кеңжазира даласында – сайын сақараның сай-салалары, өзен-көлдерінің жайсаң жағалауларында, орман-тоғайларының, төбе-тауларының қойын-қолаттары, белес-бөктерлерінде қаздай тізілген ақшаңқан киіз үйлерді, төңірегі толы қотан-қотан қойлары, табын-табын сиырлары, үйір-үйір жылқылары, келе-келе түйелері жайылып жүретін, козы-лағы маңырап, боталары боздап, бұзаулары ойнақтап, құлыншақтары шапқылап қырды қызыққа толтыратын кезеңнің көзге ыстық көріністерінен бүгінгі жас буын бейхабар. Мұның бәрі бүгінде ертегідей, елестей, тек көркем әдебиет кітаптарының бетіне көшкен ежелгі ауыл өмірі. Қаймағы бұзылған қайран кешегі қазақ ауылының тіршілік-тынысы, кескін-келбеті қыр кезіп, қиял кешкен, сол мазасыз малшымен кіндігі бір, балалық шақ пен бозбала дәуреннің қайта оралмасы анық. Рас, қатары сиресе де, алтын бесік жер бетінен жоғалып кеткен жоқ, сол кара орнында тұр. Алайда, бүгінгі ауыл – кешегі ауыл емес. Оны аталарымыз, аға ұрпақ, біздің буын, бүгінгі ізімізді басқан өкшелес інілеріміз ғана білсе керек. Баяғы ауылдың қадір-қасиеті ерекше еді. Ол бір сөзбен айтқанда, ұлттық салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың, жалпы қазақы болмыс-бітіміміздің қазынасы сақталған алтын сандығымыз, ақ бесігіміз болатын. Сол ұлтымыздың ұясын жүрегіміз егіліп, қабырғамыз сөгіліп, көз жасымыз төгіліп, сағынып-сарғая беруіміздің сыры осы. Міне, Жүрсін ақын сол ақық сезімімізді сөзбен суреттеуге келгенде су төгілмес жорғадай. Көңіл пердесін дәл басып, жүрегіңді сыздатар, жаныңды мұздатар сөз сарасын төгіп-төгіп жібереді-ақ.

...Райы баяғыдан басқа күздің,
Дәмі де айнығандай ақ сағыздың.
Шөп тартып жүруші едік сонау белден,
Жабысып арқасына қасқа өгіздің.

...Шал қайда – күрең атты борбайлаған,
Ел қайда – сырма айдаған, арба айдаған?
Есіңе бүгін ғана бәрі түсіп,
Несіне күрсінесің, сор қайнаған.
Ұяға болушы еді торғай да алаң...
Ақын өзінің «Жыңғылды көңін», құлын күні өткен Құлжанбай құмын көргенде көңілі босап, жан сырын жырына қосады.

...Көзіндейсің бұрынғының,
Сұрар енді сырыңды кім?

...Бебеулет баяғымды, ізгі күйшім,
Кеткен бе көңнен көшіп біздің үй шын?

... «Жыңғылды көң»
Картада жоқ ондай ат
Келесің көңілден тек жоғалмай-ақ.

Жүрсіннің өлеңдеріндегі қордалы ойлары жалпақ елдің жүрек сөзін жеткізуімен қымбат. Ол ой сәулесі түскен өмір құбылыстарын өлең жолдарына көшірудің хас шебері. Жан тебіренісінен туған ақын өлеңдері – жан ләззатының жемісі. Ақын өз өлеңдерінде өзімен тетелес буынның тағдырын өшпестей өрнектеген. Соғыстың соңғы кейінгі жылдары – тұрмыс тауқыметі елді етектен тартып, жоқ-жұқаны, жүдеу тіршілік кешіп жатқан кездері туып, балалық шақтың шапағатын көре алмай өскен Жүрсін сол сұрқай кезеңнің келенсіз көріністерін өлеңге көшірген. Мұны тұтас бір буын – ақын құрдастарының көркем өмірбаяны деп қабылдаймыз. Мысалы, оның анасының ертелі-кеш колхоздың кара жұмысына жегіліп, оған қоса үй шаруасынан қолы босамай баласына ертегі айтып беруге мұршасы келмегенін есіне алып өлең жазыпты. Жүрегіңді қозғайтын жырлардың үзіндісі:

...Балалық-ай – жамау-жасқау көрпелі,
Ақауы бар көңіл енді дерт еді.

Айтпайын деп айтпады ма – мұршасы
Болмапты ғой айтар оның ертегі...

...Шықпаған кез елдің әлі бүйірі,
Ең тәуір ас жүгерінің түйірі.

Кешке келсе күтіп оны тұратын
Жанбаған от, сауылмаған сиыры...

Бал дәурен – балалық шақтың базарлы қызығын көрмеген, ұрпақтың өмірі ұмытылмас өкінішін ақын бір шумақ өлеңге қалай ғана қисынын келістіріп қиыстырған десенізші?!

...Оңаша жылап,

Оңаша өртке өртендім.

Балалық дәурен, мен үшін сен де ерте өлдің.

Уысым менің бақытқа толып көрмепті,

Көсілу үшін қысқасын білдім көрпемнің.

Өмір жыры, көңіл сыры дегеннің көкесі осы шуамақтағы шырын ойлардың орамында. Көрешегін көрмей көрге кірмейтін, тірлігі қойдай қоңыр адам тағдыры туралы ақынның пәлсапалық толғаныстары арайлы ақиқатымен санаңды сәулелендіріп тұр.

Ақын оқырмандарымен адами ардақ қасиеттері туралы да толғана ой бөліскен. Ол зиялы замандастарын адалдықтың, адамгершіліктің, кісіліктің ақ жолынан айнымаған адамның ғана басына бақ қонып, ғибратты ғұмыр кешетініне сендіреді. Сенімді серік еткен кісі ғана жарық дүниенің жақсылығын көріп, өмірдің қатерлі өткелдерінен дін аман өтетіндеріне үміттендіреді. Өз-өзіне сенбесең – онда өмір сынағынан сүрінуің, өкінуің

әбден мүмкін. Сондықтан да ақынның ағынан жарыла айтқан мына жан сырын санаңда сақтауға тиіссің.

...Сенімді жоғалтсам, не істер едім?

Ешкімге де болмас-ау еш керегім.

Қандай жақсы сенімнің бар екені,

Сенбейтіндер сендерден сескенемін!

Аралас-құралас жүрген адамдар бір-біріне сенбесе, онда мына қысқа ғұмырда не мән, не қызық болмақ?!

Мына жалған дүниенің адам баласына арнаған қымбат сыйы – адал достық емес пе?! Ақын сол бір адамның қадір-қасиеті жөнінде бәрімізді де ойландырып-толғандыратын ғақлия сынды ғазалдар жазған. Адамдар арасындағы адалдықтың ала жібін аттамаған, асыл достықты аялаған ақын кейіпкері есеппен жасалған жасанды қылыққа қаны қайнап, іштегі қыжылын жасырмай жайып салып, сіз бен бізге сауал тастап, жан сырымен бөліседі. Мына шумақтарға назар салыңыз:

...Санап қылған достығың,

Қуантқан жоқ, қосты мұң.

Сәл нәрседен сеземіз,

Арамыздың бостығын.

...Баладай ек бір туған,

Бұтадаймыз шырпылған.

Жалғанбайды үзілген,

Жамалмайды жыртылған.

...Арадағы сөзге еріп,

Бір досым жүр өзгеріп.

Өкпелесе арман не

Құлақ естіп, көз көріп...

Осынау ішіне сыймаған сырын – қаяулы достықтың қыжылын айтуға асыққан ақынның шындық көрігінде шындалған сындарлы сөздері бәріміздің басымызда бар, бәріміздің жанымызды жеген өмірдің өкінішті сәттері екені өтірік пе?! Бұл өлеңдердің оқырмандардың жандүниесіне әсері ерекше екендігі шүбәсіз шындық. Ақын адал достан айрылып, қасында алаңкөңіл алдамшылар қалғанына қамығып, жылатардай жыр жазса оны қалайша қайталап оқи бермессің? Көптің көмейіндегі сөзін тауып айтып, адал дос іздеген ақын арманына сен де қосыла кетесің.

...Ақыреттік дос қайда,

Қамқорыңдай киелі.

...Жандайшаптар, толып жүр,

Жаға салар күйені.

Кешегі Қасым ақынның: «Екі көз – екі жұлдыз маңдайдағы, Көруші ең құбылысты қай-қайдағы» деген сөзінің Жүрсінге де қатысы бар. Оның ой көзі өткір, сезімі сергек. Ол бірде кешегі сайын сахарада емін-еркін көшіп-қонып, жан баласын жатырқамай, ағайындай араласып, қуанса сырласып, қайғырса мұңдасып ғұмыр кешкен қазақ

баласының бүгінгі ұрпағының қаланың тас үйіне камалып, төрт қабырғасына телміріп, бірінің үйіне бір шақырмай бас сұқпайтын саяқ, кісікіік өміріне өкінішін білдіріп, қала тұрғындары туралы жазған өлеңі ауылда өскен әр қазақтың көңіліндегі сөз:

...Ауытқымай бір қадам не бір сүйем,

Міне осылай жасанды өмір сүрем.

...Төсегінде бүк түсіп жатыр анам,

Тезек исін сағынып көңірсіген...

Рас-ау, жаңа заман жастары жарасып кеткенімен, көнеден қалған қарттар қайтып көнер?! Бұл әсте ескілікті көксеу емес, өзгерген өмірдің сыр-ссипаты....

Күнделікті өмірде жиі кездесетін қарапайым оқиғадан да ой түйіп, тәлімі терең жыр жазудың өнегесін Жүрсін ақынның шығармаашылығынан айқын аңғарасың. Өлең кейіпкері қандай істі қолға алса да, оны орындау барасында ұдайы әлденеге ұрынып, жығылып-сүрініп, дегеніне жеткенше діңкесі құрып, жүйкесі жұқарып әуре-сарсаңға түсетінін айтып әуелі анасына сұрақ қояды:

...Дей көрме – қайдан келді бұл ой саған,

Дүниені ойлайды екен мұнайса адам.

Мен неге тегіс жерде сүрінем де,

Құламас жерлерімде құлай салам?

Содан кейін өтініш жасайды:

...Сүрініп-қабынғаннан құтылам ба –

Қайтадан жасашы, ана, тұсаукесер!

Әрине, ақын бұл жерде аяғын тәй-тәй басқан балаша кәдімгі сүрініп-жығылуды айтып отырған жоқ. Мәселе, ес жиып, етек жапқан жігіттің өмір жолындағы тартқан тауқыметтері хақында. Ойға алғаны оңайлықпен жүзеге аспаған адамның қайтсем қатарымнан қалмас екенмін деген ізгі ниеті...

Бірде жүрек жарыла қуанатын, бірде өзек өртені өкінетін, бес күндік баянсыз дәуреннің ащысы мен тәттісін тата жүріп кешкен ғұмыр, соқтықпалы-соқпакты өмір жолдарындағы адасулар мен табысулар туралы ақынның осындай толағай ойлы толғаныстары жан сарайыңды нұр сәулесімен жылытып жібереді. Осы әрі қарапайым, әрі қағидалы сөзімен кім келіп, кім кетпеген мәңгілік өмірдің жалғасып та талмасып жататынын тағы да бір есіңе түсіріп, кемді күн тіршілігіңе тәуба жасауы қандай керемет!

Жүрсін сондай сезімтал да зерек ақын. Оның кез келген өлеңі – өмірдің өзі. Айталық, кім де болса кей-кейде үйіндегі сүгірет-альбомының беттерін парактап, өткен өмірінің белгілі бір сәттерін жадында жаңғыртады емес пе?! Сондай сәттегі өлең кейіпкерінің көңіл күйін оқып көрейік:

...Сұлу көрсем соңынан жүгіретін,

Мынау менің жас күнгі сүгіретім...

...Осы менің бүгінгі сүгіретім,

Қарай берме қажыған түріме тым.

Аяғына жем түскен тұғыр құсап.

Етегіме болыппын сүрінетін...

Жылдар жымын білдірмей жылыстап, жас ұнғайып, шашына бозжырау түскен мезгіл – қайта айналып, келмес қайран жастығыңды сағынып көңіліңе қалу түсіп, ішімізден: «Шіркін, сол кездер-ай» деп күрсіне қайталайтын пендеміз ғой. Соны ақын өлеңде қалай өрнектеткеніне көз жүгіртейік:

...Көк жалырақ сарғайды,

Сарғайсын.

Сарғайғанның бәрін қалай қарғайсын.

Жаз белгісі қалды ма деп бір жерде,

Күзгі бақтың қуыстарын шарлайсын...

Өмір жайлы өлеңнің табиғат тіршілігімен: оның да адам ғұмыры сияқты көгеретін шағы – жастығы, сарғаятын кезі – жасамыстығы екенін еске салып жазып, жастығын аңсаған кейіпкердің ойын орайын тауып жырымен нұрландырған.

Тіршіліктегі татар дәміміз таусылғанша ел аралап, алыс-жақын сапарларға шығып тұрамыз. Жолшыбай бұрын аяқ баспаған ауылдарға соғып, бейтаныс адамдармен жүздесіп, кейбірімен сөйлесіп, тіпті біреулерімен сөйлесе келе сырласа кететін де кездеріміз бар ғой. Сондай сәттерден де ой олжалап, сыр сабақтау яғни сезім сергектегін, ақыл аңғарғыштығын таныту хас ақындықтың айғағы деп білеміз. Жүрсін ақынның қабағына қарап кісі танытын қасиеті барлығына өлеңдері куә. Оның бір өлеңінде түстенуге тоқтаған кафенің даяшы қызының дидарынан кірбің шалған көңілін сезіп, жүрегі жарыла жаны ашып, ағалық кеңсін беріп, былайша басу айтады.

...Мұнайма!

Бәрі жалған, жалған құрбым,

Жолығар жана бакыт алдан бір күн...

...Алтыннан көзіндегі тамшы қымбат,

Алыпсың, қымбатыңды сәл шығындап...

...Кетейік жабырмамай жолға шығып,

Қолыңды сонымыздан қалшы бұлғап!

Біздің бірсыпырамызға жетіспей жүрген осы аяушылық, жанашырлық сынды мөлдір сезім ғой. Ақынның аялы сезімінің мөлдір моншақтары жаныңның терезесін қағып тұрғандай.

Арқадағы данқы жер жарған Қарқаралы өңіріндегі ормандар өртенгенін баспасөзден оқып-білгенбіз. Ал Жүрсін ақынның сол алапат өртті көзімен көрмесе де сөзге ұста суреткерлігін осы оқиғаға арналған өлеңінен жазбай танысын.

...Қара орманды қалың өрт жаусатқалы,

Қаусап-қаусап қалғандай тау шатқалы.

Көрсетеді шошайтып аспан жақты,

Қарағайдың күйелеш саусақтары.

...Серік ақын, сен неткен көнтөрлі едің,

Арманыңның көріпсің өртенгенін,

Орман күйіп жатқанда,

төбесінен,

Шайтанкөлдi сен неге төңкермедің?!

Зейін қоя зерделеген оқыған оқырман осы екі шумақтан-ақ керемет кестелі тіл мен тамаша тапқырлыққа таңдай қағып тамсанып-таңданары сөзсіз.

Ақын ойының шартарапты шолып, баяғы бала кезіндегі тартқан тұрмыс тауқыметтерінен бүтінгі өмір-тіршілігіне қатысты пайым жасауына қарап, сезімінің сұңғылалығына қайран қаласын. Жер түкпірі – қияндағы қыстақта баялыш жағып, үй жылытып, қазан қайнатқан шешесін есіне алған ақын жүрегінді қозғайтын жыр қашаған.

...Тұрмыс та жүдеу,

Қол қысқа.

Жок бізде өзге таяныш.

Не болар едік сол қыста.

Болмаса бау-бау баялыш.

Табына оттың какталып,

Албырап кешкен шак қандай.

Жылуың бойда сақталып,

Қыздырып келе жатқандай...

...Әкемнің көзі деп біліп,

Шешемнің өзі деп біліп,

Отырмын енді отына

Көзімнің жасын кептіріп.

Кезінде қызуына бойы жылынғанына мәз бала, бүтінде – жасамыс жасында о дүниелік болып кеткен ата-анасын жоқтап, көз жасын көлдетіп, оны баяғы баялыш отына құрғатып отыр. Сүйектен өтіп, жүрекке жететін сұңғыла сөзбен өкініш өксігін үдетіп, мөлдір мұңға батырған ақынның нәзік жанына сен де сүйсінесің.

Ақын атаулы бір сокпай өтпейтін ғашықтық, сүйіспеншілік тақырыбы екені бесенеден белгілі. Жүрсін ақын да бұл мәселеден тыс қалмаған. Алай да оның өлеңдерінің өрнегі де, мазмұн-мақамы да өзінкі. Мысалы, ол бір жолы сүйген қызына арнаған өлеңін түрлі түсті бояулармен жазған. Ғашығын сағынып, алып-ұшқан көңілін, арпалысқан сезімін алқызыл, «желмен ойнап желбіреген көйлегін» суреттеуге жасыл, қызғанышын қызыл, құлазыған көңілін қара бояу арқылы өрнектепті. Мұны талантты ақынның тапқырлығы деп бағалаймыз.

Өлеңді өзінше өрнектеуінің тағы бір мысалына тоқтала кетейін. Кезекті бір тойда топ ішінде тотыдай таранған, аққудай сыланған бір қызға ақынның көзі түседі. Жас ару да қадала қараған жігіттің жанарынан ішкі сырын сезе қойған сыңайлы. Жөпелдемеде жолығып, тілдесудің сәті түспей кеткен қыз бейнесі ойынан шығар емес. Кейін де талай дулы думандарда баяғы қыз кезігіп қалмас па екен деп үміттенген, алайда жолықтыра алмаған. Амалы

таусылған ақын өзіңнен аласып қалсам да жырымда жүрші деген пәк тілегін ақ қағазға түсіріпті. Бейнесі ең болмаса өлеңінде қалғанын қалауы қимастық сезімнің кереметтігі...

...Таппады-ау сағыныштың Жүрсін емін,

Сыршыл едім...

Амалсыз күрсінемін.

...Қолаң шашың төгіліп, тым болмаса,

Жырларымның ішінде жүрші менің!

Ал мұндай мөлдір сезім талайлардың басынан өткен сыр емес деп кім таласар.

Сүйіспеншілік сынды сиқыр сезімнің сырына терең бойламай, сұлу көрсе сұқтана, қызыға караған кісіні көрсеқызарға баласақ, қатты қателескеніміз. Көз жауын алған көркемдікке құмарту, арбалу жаны жайсаң, түйсігі терең адал адамның ғана пешенесіне бұйырған бақыт қой. Ажарлы әйел алдында әлсіздігін білдіріп алмайтын ер жігіт бар ма екен, өзі?! Сол сұлулыққа іңкәрлігі үшін оны жазғыру жараса қоймас. Ал көрген жерде етегіне жармаса кетпей, сыпайы сөйлесіп, назын сездіру бекзат болмыс, жігітке тән мінез. Мына өлең жолдары да сол сөзіміздің жарқын мысалы:

...Көңілге демеу боларсың –

Көрініп көзге жүр қалқа.

Сыңғырын естіп жүрейін,

Сыңарын берші сырғаңның...

...Қасымнан өте бергенде –

Көзіңнің қишы қиығын.

Тұтатсам жетіп келерге –

Шашыңның берші бір талын!

Бұдан сыпайы, бұдан тәтті, бұдан нәзік наз айту қолдан келер ме?!

Тағы бір өлеңінде ақын қыз алдында қысылып, аузына сөз түспей, ернін тістелеп тұрған босбелбеу бозбаланы көріп, баяғы балғын кезіндегі өзін көргендей сыр ақтарады.

...Үлбіреп бүлдіршін қыз гүлге айналып,

Қапыда гүлдің тілін білмей налып.

Бақыттан тұрушы едік бас айналып,

Дүрсілдеп жүрек соғып, тіл байланып...

Бала ғашықтың ғажап сезімін, жүрек лүпілін сөзбен суреттеудің өлеңдегі үлгісі болатындай жауһар жыр! Сол бір сүттен ақ, судан таза сәби көңіл кездегі махаббатын аңсаған өлең жолдары сенің де сезімді шайқап, жүрегіңді сыздатары айдан анық.

...Күндер-ай, алыс жолға үздіктірген,

Таңның бәрі жарқын еді біз күткен.

...Адал еді достарым да риясыз,

Ару болып көрінетен қыз біткен...

Ақынның қай тақырыпқа арнаған өлеңдерін оқысаң да одан эстетикалық ләззат аласың. Ол сені таңдандырып, тамсандырып, жаныңды желпіндіріп рахат сезіміне шомылдырады. Жүрсіннің өлеңдерін

талдап, түсіндіріп жатқаннан гөрі оларды оңашада оқып, әсерін көңіліңе тоқып, сырттай сырласу бір ғанибет. Иә, ақынның өзіне сөз берген, асылы.

Әр жылдары жазылып, жарияланған арнау өлеңдерін бір кітапқа топтастырып жарыққа шығарған Жүрсін ақынның тәуекелі құптарлық. Көркем прозада басты кейіпкердің бейнесін сомдау басты талаптың бірі. Осы талап поэзияда арнау өлеңдердің еншісінде. Ақиқатында, арнау өлеңнің табиғаты мен мақсаты үйлесіп, ұштасып жатса болғаны. Ақын арнау өлеңінде бірде кейіпкерінің мінез-құлқын, кісілігін, ел алдындағы абыройлы еңбегін, бірде өлең сол адамның құрметіне арналуы да мүмкін. Онда да жай ғана емес, өлеңнің мазмұн-мақсатында кейіпкердің болмысына қатысты әйтеуір бір белгі болуға тиіс. Қысқасы арнау-өлең адамның жаратылысындағы жақсылық, ізгілік, зиялылық, ақылдық, адамгершілік, жанашырлық, қайырымдылық, табандылық, қайраткерлік, сезімталдық т.б. сынды асыл қасиеттерді айшықтап көрсетуге бағышталған поэзия жанрының калыптасқан бір тармағы. Міне, осы тұрғыдан алғанда, Жүрсіннің арнау өлеңдері – оның ақындық шеберлігінің, ойшылдығы мен өмірлік ұстанымының жарқын беттері демекпіз.

Осы кітаптың Абай ескерткішіне арналған өлеңмен ашылуы да бір ғанибет. Ақын көкірегін құсалық кернеген сәтте ұлы ұстазбен сырласып, мұңын шағып, бүгінгі қоғамның былықшылығы кешегі Абай ғұмыр кешкен ғасырмен салыстырғанда одан да озып, бастан асатынын айтып арызданған. Қазақ ортасы әлі күнге заманында Абай ашынып айтқан қатыгездіктен, өтірік-өсектен, қанағатсыздық пен қайырымсыздықтан, аярлық пен арсыздықтан, жылпостық пен жылаңқылықтан, намыссыздық пен надандықтан құлан-таза құтыла алмай жүргендігін жаны ауырып, жайып салған. Жүрсіннің Абай абызға мұңын шағып, арнау өлеңнің арнасын кеңейтіп, деңгейін көтергені де өте бір табылған ақыл болған. Бұл сияқты әдеби тәсілді тапқырлыққа жатқызамыз. Абай сынаған адам мен қоғамның зардаптары сол зар қалпында екенін несіне жасырамыз. Ақын сөздеріне құлақ асалық:

...Күн өтпейді тіл тістеп, тіл қажалмай,

Аяр заман алқымнан қысты ажалдай.

...Ұстарасыз аузына мұрты түскен,

Елінді ойлап, қайнайды іш қазандай.

...Ағайын да катыбас – сол қалпында,

Азамат аз алашқа болған тұлға.

...Ит құтырар – тезегін дәрі десең,

Бәрі – әулие, қазақтың бәрі – көсем.

...Ғарыптейміз ғайыпқа болған алаң,

Жаратқанға жалынар жолдағы адам.

Ақыл – алтау, ой – жетеу, тәңірі – өзін,

Жан алқымға тірелді, колда бабам!

Абай өлеңдерін жалғастырып жазуға мәжбүр еткен: біреуі – қырт, біреуі – езбе, сөзі – сұйық, арманы – шен-шекпен, ел камын жемейтін – жемір, жылпыс, кержалқау баяғы керенау казактың әлі күнге сол қалпынан өзгермеуі.

Қасым Аманжоловтың рухына табынып жазылған арнау өлеңнің де өнегесі өзгеше. Ақын үйінің қиратылып жатқанын көргендегі ойын ойрандаған, сезімін селдеткен, шымбайына батып, ашындырған ақиқатты айтуы да айызыңды қандырады. Қасым өлеңдерін сүйіп оқитын казак баласының бәрі де Жүрсінге ілесе үй емес, жыр бесігі қиратылып жатқандай сезінері сөзсіз.

Көптің көкейіндегі ойын тауып, жан сырына ортақтасу, япырмай, менің жадымда жүрген жағдаятты жазғанын карашы деп таңдай кактыру да ақынның асқан аңғарымпаздығы, көрегендігі, ұлтының рухын, ішкі әлемін жетік білетіндігі.

Ал енді Жүрсіннің әкесі мен шешесінің килы тағдырын толғап жазған жырлары тұтас бір ұрпақтың өмірімен өзектестіре өрілген. Тұрмыс-тіршіліктің, сұрапыл соғыстың тауқыметін көп тартса да, белі бүгіліп, көзінің нұры тайса да, бұрымын бозқырау шалып, картайса да қайсар рухы сыр бермей жүрген аяулы адам айнымаған казак аналарының бәрінің ортақ бейнесі. Сондықтан сен де аузына ақын салған өлең сөздерін қайталай беруге бейілісің.

...Сезімді төзіміңе билетіп,

Қиындықтың қабырғасын күйретіп,

Сен әлі де жүрсін маған аяулым,

Өмір үшін күресуді үйретіп!

Кешегі сұм соғыстың кесірінен тұтас бір буын әкесіз – жартылай жетімдік ғұмыр кешкені көпке аян. Жесір әйелдің қолында өскен жеткіншектердің әдетте мойнына су кетіп, жүдеп жүретіні, осалдау, бостау, жасықтау, жасқаншақтау, жалтақтау болып жетілгені де жасырын емес. Әкем майданда мезгілсіз мерт болмаса мінезім өткірлеу, батылырақ, өзім ақылдырақ болар едім – әттең бәрі сенің жоқтығыңнан деген уайым-уәжінің де, ержетіп, ел қатарлы ғұмыр сүріп жатса да, алыста қалған арманын айтып, оқырманмен сырласуының да сөкеттігі жоқ. Әкелері соғыс құрбандары болған ақын құрдастарының арман-аңсары ғой бұл өлең...

Осы кітаптағы Жүрсіннің көптен көрмеген апайын жолықтырған сәттегі жырға айналған сырын бәріміз де бастан кешіргенбіз. Әңгіме сол іштегі сыр, сол аялы сезімді жүрекке жеткізетін сөз табуында. Мына өлеңді оқып көріңіз:

...Сәби деп жардың басын жағалаған,

Сен де әлі боламысың маған алаң?

Едік қой қоңыр қаздың балапаны,

Біріміз бірімізді паналаған.

...Есейтті, есейтті ғой өмір бізді,

Өткіздік басымыздан небір күзді.

Сырласып, мұңдасатын сона бір шақ,

Естелік болып қалды көңілде ізгі...

Арнау өлеңдерінің кезекті бір топтамасы ел қорғаны – ерлердің қаһармандық бейнелерін сөзбен сомдауға бағышталса, одан да көбі ақын-жазушы ағалары, қаламдастары, одан өзге ел азаматтарының мерейтойлары тұсында жазылған жүрекжарды тілектері. Олардың қай-қайсысы да казак қауымына есімдері белгілі, елге еңбегің сіңген өңшен зиялылар, өңшен өресі биік тұлғалар. Айрықша атап өтер ерекшелігі арнау өлеңдер кейіпкердің сырт келбеті емес, ішкі әлемін – жандүниесін, кісілік болмысын көрсетуге бағытталғандығы. Ол жай әшейін айтыла салған жайдақ мадақ емес, кісіге ой салып, өнеге алар мақсатты жыр-сырлар.

Қазіргі казак поэзиясының көш басында жүрген Жүрсін ақынның шығармашылығын шолатай келгендегі көзіміздің жеткені яғни жасаған қорытындым үш-ақ сөзге сыйып тұр: өлеңге көшкен өмір. Иә, ақынның қай өлеңін оқысаң да ел өмірін есіңе түсіреді, ұрпақ өмірбаянын шежірелей шертеді. Осы сезімнің ішкі мәнін тарата кеткен артық болмас. Жүрсін ақынның жазғандарынан өлеңге көшкен өмір болатын себебі: Кешегі қан майданнан қайтпаған әкелерімізді, жастай жесір қалған шешелерімізді, алыста қалған ауылды, тағдырдың сан тарау сокпағымен жан-жаққа тарап кеткен ағайын-туысты, бала дос пен бала ғашықты, елінің даңқын асырған айтулы ер-азаматтарды, тіпті туған жердің табиғатын сағынсаң Жүрсіннің өлең кітаптарын қолыңызға алып оқи бастасаң болды іздегеніңді тауып, күткеніңмен кездесіп, ынтызар көңілің мауқын басып, жаның жай табары ақиқат.

Бір мақала арқылы дарынды да арынды ақынның көп қырлы, сан сырлы, көлемді де көрікті-көркем парасатты поэзиясына – шырайлы шығармашылық еңбегіне толық тоқталу, түгел қамти талдау жасау әлбетте мүмкін емес. Біздің мақсатымыз көңілге түйген азды-көпті көкейкесті ой-пікірлерімізбен бөлісу ғана.

Сөз соңында ақын, Жүрсін Ерман бар казактың бір казак екенін оның сыры мен жыры, тағдыры мен тарихы, көрген қызығы мен кешкен қияметі, елінің бүгіні мен ертеңі, өткен өмірі мен қазіргі тіршіліктің тынысы, арман-мұраты – бәрі-бәрі бөлінбес бірлікте, бір тірлікте екенін дәлелдеп, өмірден өлеңдеріне көшіріп өрнектеген өресі биік, дарыны дара, сөзі сара ақберен ақынымыз екеніне риясыз сеніп, ризашылығымызды білдіреміз.

Ендеше, казак баласының жүрегіне жол тапқан, өмірді жырлаған ақынның хас өнері үстем бола беруіне тілек қосайық.